



Бекітемін
ЖШС « Көлбастау сервис»
OULYNASHAQ балабақшасы
меңгерушісі Тойғанбаева Л.Ж.

ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ

ТАҚЫРЫБЫ: «ОЙНАДА ОЙЛАН»

Түсініктеме

Ойын-балалардың құрбы -құрдастарымен қатынасқа түсетін өзіндік қызметі. Сонымен қатар ешбір басқа қызмет түрінде ойындағыдай қатаң ережелер жоқ. Міне, осы себепті ойын балалар тәртіпке үйретеді. Оларды өз әрекеттерін, сезімдері мен ойларын қойылған мақсатқа бағындыруға баулиды. Балаларды ойнай білуге үйрете отырып, оның белгілі бір ережелерін сақтауын қадағалау керек. Мәселен, жанында басқа бала ойнап жатқан болса, ол көршісін ренжітпеуі, құрып тұрған нәрсені қиратпауы, құм шашпауы, ойыншықтарды басқа балалармен бөлісуі үшін қадағалау керек. Осыдан бастап тіл табысу, адал ниеттілік сезімдері туындайды. Сонымен қатар біріккен ойында адал өзара қатынастар орнату ниеті пайда болады.

Үлкен балалар ұжымдаса ойнайды, алдын ала келісу арқылы рөлдерді өзара бөлісіп алады. Кішкентай балаларда мұндай әрекет жоқ. Олар жанында болса ойнайды. Оларды ойын барысының өзі ғана қызықтырады. Қатар ойнап отырып, олар бір-бірінің ойыншықтарын тартып алып қояды. Егер бала, басқа балалардан ойыншықтарын жиі тартып алып қоятын болса, онда бұған осы кезде көңіл аудару керек. Оның басқа балалардың пікірімен санаса білгені жақсы. Баланы осыған үйрету керек. Мәселен өз құқығын қорғауға қабілетті келетін өзінен жасы үлкендеу балалармен ойнау мүмкіндігін ұсыну керек.

Баланың ойын қызметін қалыптастыру үшін, ойынды қалай сақтау керектігі ерекше маңызға ие. Әдетте, ересек адамдар бұл туралы ойланып жатпайды. Күтпеген жерден «Ойнадыңдар жетер енді. Түскі тамақты ішетін уақыт болды!» ойынды үзіп тастайды. Сондықтан балаларды ойын кезінде бұзбаған дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ақ сандық,көк сандық» Алматы, 2008
2. Бала тәрбиесі журналы, 2015 №9
3. «Отбасы балабақша» 2013, №5
4. «Балабақшадағы дидактикалық ойындар», 2000ж

Жоспары:

Айы	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
Қыркүйек	Не қалай дыбыстайды?	Жан жануарларды өздігінен танып,ажыратып,атай білу	1
	Қажетті түстерді тап	Балалардың түстерді ажыратып,дұрыс айта алуына,есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал етеді.	1
	Көкөністі контурға қой	Көкөністердің атын атап үйретуді,оларды тауып кою,ой өрісін дамыту.	1
	Табиғат біздің досымыз	Табиғат туралы ,өлі және тірі табиғат түсініктерін меңгерту.Табиғатты сүюге,қорғауға тәрбиелеу	1
Қазан	Көкөніспен жемісті ажырат	Көкөніспен жемістерді танып,ажыратуға үйрету.Ой өрісін,ойлау қабілетін дамыту.	1
	Айнытпай сал	Жануарлардың енелерін қасына төлдерін ажыратып қоя білуді үйрету,ой өрісін дамыта отырып шапшандылыққа баулу.	1
	Ойыншықтармен тағам түрлерін ажырат	Ойыншықтар мен тағам түрлерін ажырата білуге,ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту.	1
	Төлінді тап	Үй жануарларын танып атай білуі және олардың төлдерін тауып анасының жанына орналастыруға үйрету.	1
Қараша	Ойыншықты тап	Баланың шығармашылық қабілетін дамыту.Баланы жылдамдыққа,тез шешім қабылдауға,ептілікке дағдыландыру.	1
	Табиғатқа саяхат	Табиғатқа саяхат жасау арқылы төрт мезгіл туралы білімдерін толықтыру,ойлау қабілеттерін дамыту.	1
	Санамақтар	Балаларға бірден беске дейін үйрету және оны санамақ арқылы	1

		жаттау.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	
	Нан қайдан шығады	Балаларға нанды басқа тағамдарғақарағанда көбірек қолданатынымыз жөніндегі түсінік беру.Нанның қасиетімен таныстырып,нанның қиқымын жерге тастамай,оны қастерлей білуге баулу.	1
Желтоқсан	Даусынан тап	Балаларға әртүрлі құстардың даусын ұнтаспадан естірту арқылы дауыстарын ажыратуды үйрету.	1
	Қыстап қалатын құстар	Құстардың сыртқы пішіні,мінез құлқы туралы балалардың білімдерін тиянақтау.Қыстап қалатын құстар туралы мәлімет беру.	1
	Киімдер көрмесін ұйымдастыру	Ойлау қабілетін дамыту.Киімдер көрмесін ұйымдастыру аттарына қарай бөле білуге үйрету.	1
	Сен білесіңбе?	Балаларға киімнің неден жасалатынын,оның кім тігетіні жайлы түсінік беру.	1
Қаңтар	Ыдыстарды неден жасайды.	Балалардың ойлау қабілетін дамыту,ыдыстардың қандай заттан жасалатынын түсіндіру.	1
	Қысқы киімдерді тез тап	Ойлау қабілетін дамыту,балаларды жыл мезгілдерін ажырата білуге,киімтандай білуге үйрету.	1
	Отбасы мүшесін ата	Балаларды ата-атасымен туыстарына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.Балаланың тілін көркем сөз арқылы дамыту.	1
	Ойыншықтар қандай пішінге ұқсас	Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсете отырып,олардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратуды үйрету.	1
Ақпан	Ғажайып дорба	Балаларды ғажайып дорба ойыныңың шартымен таныстыруды,ойынды қызығушылықпен қабылдауды үйрету.	1
	Құстардың ұясын тап	Көктем мезгілінің ерекшеліктерін,жыл құстарының	1

		келетінін, олардың ұя салатынын балаларға білуі, оларға қамқорлық көрсетуге үйрету.	
	Көбелектер мен гүлдер	Ойын арқылы балаларды түстерді танып білуге үйрету, балалардың ойлау қабілетін дамыту.	1
	Қандай гүл?	Балаларға гүл бөлшектерін құрауға үйрету, бүтін гүл шоғын жасап, қандай гүл екенін табу, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	1
Наурыз	Жыл мезгіліне саяхат	Балаларға жыл мезгілдерінің ойынын ойнатып үйрету.	1
	Көңілді ойындар	Балаларға сезімдерін дамыту. Заттардың көлеміне, пішініне, түсіне қарай топтап, ажырата білуге үйрету	1
	Күшік	Сіріңке қораптарын пайдалану арқылы күшіктің бейнесін жасауға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу	1
	Қуыршықты серуенге киіндіру.	Балаларға қуыршақты дұрыс киіндіруге және ұқыптылыққа, шапшаңдыққа баули отырып, тәрбиелеу.	1
Сәуір	Қай маман иесі екенін тап.	Әртүрлі мамандық иелері туралы түсінітерін кеңейте отырып, оларға құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1
	Геометриялық пішіндер	Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыру. Ойлау қабілетін дамыту. Саусақ моторикасы арқылы ақыл-ойларын дамыту.	1
	Ұшты-ұшты	Балаларға ұшты-ұшты ойының шартын түсіндіру, ұшатын және ұшпайтынын зат екенін ажырату.	1
	Қонақ күту-ата дәстүріміз	Балаларға қазақтың салт дәстүріндегі қонақ күту рәсімін тереңірек таныстыр білімдерін кеңейту.	1
Мамыр	Малдың баласын сүюі	Үй жануарларымен оның төлдері жайлы алған білімдерін толықтыру. Сурет бойыншы әңгіме құрастыру.	1
	Домбыра дастан	Балаларды халық музыкасын, мәдениеті мен өнерін түсініп, бойына сіңіруге дағдыландыру.	1

		Домбырамен таныстыру	
	Сиқырлы дәрумендер	Балаларға дәрумендердің қасиеті жайлы, адамға тигізер пайдасы жайлы түсіндіру.	1
	Мысық нені жақсы көреді?	Мысықпен таныстыруды жалғастыру. Жануарларға деген қамқорлығын ояту.	1
Барлық сағат саны: 36 сағат			